

Павлодар облысы бойынша 2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 23 тамыздағы № 207/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 тамызда № 7386-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 180 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28188 болып тіркелген) Павлодар облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Павлодар облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі

А. Байханов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

Павлодар облысы
әкімдігінің 2023 жылғы
23 тамыздағы № 207/3
қаулысына қосымша

Павлодар облысы бойынша 2023 жылғы арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемі

Отандық өндірістегі балық азығын сатып алуға тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидияланатын өнім	2023 жылы өнім өндірісінің жоспарланған көлемі, килограмм	Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерінің 1 кг өндірісіне азық шығындарына берілетін субсидиялардың бекітілген нормативі, килограмм	Бекітілген норматив бойынша жалпы азық шығыны, килограмм (3-баған х 4-баған)	1 кг өнімге шығындар есебінен балықтар азығына берілетін субсидиялардың бекітілген шекті сомасы, теңге	1 кг өнімге жұмсалатын шығын есебінен балық азығына субсидиялардың бекітілген шекті сомасы, теңге	Жалпы жем сатып алуға жұмсалатын шығыстар, теңге (5-баған х 6-баған)	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін жоспарланатын субсидиялар көлемі, теңге (жем сатып алуға жұмсалатын барлық шығыстың 30%)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Тұқы және оның будандарына арналған отандық өндірістегі азық	74 400	4,0	297 600	350	105	105 150	31 248 000
	Барлығы:	74 400						31 248 000

Балық өсіру-биологиялық негіздемеге тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидияланатын өнім	Пайдаланушылар сатып алатын өнім саны, дана	Балық өсіру-биологиялық негіздеменің рұқсат етілген құны	Балық өсіру-биологиялық негіздемесін сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Балық өсіру-биологиялық негіздемесін сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7
1	Балық өсіру-биологиялық негіздеме	6	1 000 000	500 000	50	3 000 000
	Барлығы:	6				3 000 000

Балық отырғызу материалына тиесілі субсидия сомасы

--	--	--	--	--	--	--

№ Р/с	Субсидия-лан атын өнім	Пайдалану-шылар сатып алатын өнім саны, дана	Балық отырғызу материалының рұқсат етілген құны	Балық отырғызу материалын сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Балық отырғызу материалын сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
	1	2	3	4	5	6
1	Тұқы дернәсілдері және оның будандары	1 500 000	1 млн. дана үшін 120 000 теңге	1 млн. дана үшін 60 000 теңге	50	90 000
2	Тұқы шабақтары және оның будандары	296 000	1 дана үшін 30 теңге	1 дана үшін 15 теңге	50	4 440 000
3	Бекіре шабақтары және оның будандары	1 000	1 дана үшін 500 теңге	1 дана үшін 250 теңге	50	250 000
	Барлығы	1 797 000				4 780 000

Дәрілік препараттарға тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидия-лан атын өнім	Пайдаланушылар сатып алатын өнім саны, килограмм	Дәрілік препарат-тардың рұқсат етілген құны	Дәрілік препараттарды сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген сомасы	Дәрілік препараттарды сатып алуға бөлінетін субсидиялардың бекітілген пайызы	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7
1	Дәрілік препараттар	74 400	тоннасына 10 000 теңге	тоннасына 5000 теңге	50	372 000
	Барлығы:	74 400				372 000

Акваөсіру (балық өсіру) мақсатында балық басын толықтыратын аналық балық үйірі және

оларды күтіп-бағуға тиесілі субсидия сомасы

№ Р/с	Субсидия-лауға жататын өнім түрі	Пайдалану-шылар сатып алатын өнім саны, дара	Балық басын толықтыратын аналық балық	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің сатып алуға бөлінетін	Балық басын толықтыратын аналық балық үйірінің сатып алуға бөлінетін	Акваөсіру өнімінің өзіндік құнын төмендету үшін субсидиялардың
-------	----------------------------------	--	---------------------------------------	--	--	--

			үйірінің рұқсат етілген құны	субсидиялард ың бекітілген сомасы	субсидиялард ың бекітілген пайызы	жоспарланған көлемі
1	2	3	4	5	6	7
1	Балық басын толықтыраты н аналық балық үйірі	30	20 000	10 000	50	300 000
	Барлығы	30				300 000

Павлодар облысы бойынша 2023 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялардың қорытынды сомасы 39 700 000 теңгені құрайды